Қарағанды қалалық мәслихатында

# КӨГАЛДАНДЫРУДЫҢ КӨРІНБЕЙТІН ІСТЕРІ

**Қарағанды қалалық мәслихатының кезекті XXXYIII сессиясында көптеген мәселелер қаралды. Сессияны оның төрағасы Алтынтөре Жангелдіұлы Бөкенов ашып, жүргізіп отырды.**

Кезекті сессияның жұмысына қалалық мәслихаттың депутаттары, Қарағанды қаласы әкімінің орынбасарлары Қайрат Қамзин, Дастан Құдабаев, Дархан Жиенбаев, қаладағы аудандардың әкімдері, қаланың және аудандардың ардагерлер кеңесінің төрағалары және БАҚ өкілдері қатысты.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша қаладағы екі аудан әкімдері аппаратының 2025 жылға арналған абаттандыру жұмыстары туралы ақпараты тыңдалды. Бірінші болып Қазыбек би атындағы аудан әкімі Ералы Оспанов пен Қазыбек би атындағы аудан әкімі Досбол Күлекеев сөз алды. Олар өздерінің сөздерінде сесссияға қатысушыларға аулаларды, бақжолдарын абаттандыру, жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары туралы ақпарат беріп, атқарылып жатқан және алдағы уақытта атқарылмақ мәселелер туралы айтып өтті. Аталған мәселе бойынша қалалық мәслихаттың құрылыс, көлік және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасы Төлеген Әшімов қосымша баяндама жасап, бюджет бағдарламалары әкімшілерінің назарларын абаттандыру жұмыстарының сапасына, балалар мен спорт алаңдарының қауіпсіздігіне, абаттандырылған аулалар мен қоқыс контейнерлері алаңдарын құжаттандырудың маңыздылығына аударды. Өйткені, мұндай жұмыстар оларды күтіп ұстауға мүмкіндік береді.

Сессия аудан әкімдерінің абаттандыру мәселелері бойынша ақпараттарын тыңдай келіп, ақпаратты негізге алу және кепілдік мерзімі аяқталған, сонымен қоса, кепілдікті қызмет көрсетудегі аула және балалар ойын алаңдарын жөндеу жөніндегі шараларды кейінге қалдырмай жүзеге асыру, аула және балалар ойын алаңдарын құжаттандыруды аяқтау, жаңадан балалар ойын алаңдарын, сапалы аула аумақтарын және гүлзарлар салу және оларды 2025 жылдың 1 қыркүйегіне дейін аяқтау, келісім-шарттық міндеттемелерін орындамайтын мердігер ұйымдармен талап-шағым жұмысын күшейту, округтар бойынша депутаттармен бірге электр қауіпсіздігі жөнінде барлық нысандарды түгендеу жүргізу және басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – «Қарағанды қаласындағы экологиялық жағдай, қоршаған ортаны қорғау және жасыл желектерді сақтау» мәселесі бойынша облыстық Экология департаменті басшысының орынбасары Теміртай Төлеутай қала бойынша атқарылып жатқан жұмыстар туралы жан-жақты баяндама жасады.

- Экология – бұл жай табиғатты қорғау ғана емес, бұл – біздің өміріміздің сапасы, балаларымыздың болашағы. Сондықтан, әрқайсымыздың оған деген жанашыл көзқарасымыз аса маңызды. Бүгінде қоршаған ортаны жақсарту бағытында нақты істер атқарылуда. Ағаштар мен гүлдер отырғызылып, рұқсатсыз төгілген қоқыс үйінділері тазартылып жатыр. Жалпы алғанда экологияға қатысты жұмыстардың барлығы тұрғындар үшін таза әрі жайлы орта қалыптастыруға бағытталған маңызды қадамдар, - деп бастап, департаменттің біраз жұмыстарына тоқталып өтті.

Одан соңғы сөз қаладағы аудан әкімдеріне берілді. Қазыбек би атындағы аудан әкімі Ералы Оспанов өз сөзінде 2025-2026 жылдарға 11 033 дана ағаш көшетін отырғызу жоспарланып отырғанын айтты. Ақпан айынан бастап жол бойындағы белгілер, бағдаршамдар, жарықтандыру бағандары және жаяу жүргіншелер өтетін жерлер көрініп тұруы үшін жасыл желектерді кесіп отау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұндай жұмыстар Аманжолов, Чкалов, Сейфуллин, Сарыарқа, Бұқар жырау, Кеншілер, Мұқанов, Абай, Назарбаев, Нұркен Әбдіров, Лободы. Гоголь, Ерубаев көшелерінде жүзеге асырылды. Бұған қоса ағаштың бұтақтарын отау 112 аула аумағында да жүргізілді. «Коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» ММ мен «Ә.Бөкейхан атындағы қазақтың орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институты» ЖШС арасында келісім-шарт жасалды. Ол шарттың басты мәні Қарағанды қаласындағы жасыл желекке түгендеу жүргізу (санап шығу) болып табылады. Аталған бөлім 2018-2019 жылдары Қарағанды қаласындағы барлық жасыл желекке дендрологиялық зерттеу бойынша жұмыс жүргізген. 2024 жылы Қазыбек би атындағы аудан әкімдігі «Аспантау ЛТД» ЖШС-мен 4,7 млн. теңгенің жұмысын атқаруға келісім-шартқа отырған.

Әлихан Бөкейхан ауданының әкімі Досбол Күлекеев ауданда атқарылып жатқан игі істерге тоқтала келіп, сәуір айында «YDD Corporation» ЖШС кәсіпорынның санитарлық-қорғаныс аумағында 1000 дана қарағай көшеттер отырғызды. Көгілдір тоғандар ықшам ауданының 5/4, 5/5 үйлерінің тұрғындары 20 бұта алма және 40 бұта қарақат көшеттерін отырғызған. Көп қабатты үйлер салатын «LeaderСтройKRG» ЖШС өтем ретінде 440 қарағай көшетін отырғызды. Енді 2025 жылдың күзіне қарай «Энергоорталық» ЖШС кәсіпорны Курьяновка кентінде 200 дана қарағай отырғызуды, «Asia FerroAlloys» ЖШС кәсіпорны 2000 дана қарағай отырғызуды, «YDD Corporation» ЖШС 1240 қарағай көшетін отырғызуды жоспарлап отыр. Сөйтіп, өтемдік отырғызуларды қоса есептегенде аудан бойынша 5180 көшет отырғызылмақ екенін атап өтті. Сөйтіп, аудан әкімдері жасыл желектерді отырғызу және күтіп ұстау, рұқсатсыз үйілген қоқыс орындарын жою жұмыстары туралы баяндады.

Бұдан соң Қарағанды қаласының жасыл желектері мен экологиясы мәселелері жөніндегі уақытша комиссияның мүшесі, биология магистрі, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті «Ботаника» кафедрасының оқытушысы Денис Сирман сөйлеп, заңнама талаптарына сәйкес жасыл желектерді күтіп ұстау, ағаштарды орынды-орынсыз кесу жөнінде мәселелер көтеріп, көптеген ұсыныстар айтты.

Аталған мәселе бойынша қалалық мәслихаттың заңдылық және адам құқықтары жөніндегі тұрақты комиссиясының мүшесі Дидар Ахмадин қосымша баяндама жасап, рұқсатсыз қоқыс орындарының пайда болуына жол бермеу, газдандыру бағдарламасын іске асыру, жасыл желектерді отырғызу және күтіп ұстау бойынша өкілетті органдардың бірлескен жұмысын жандандыру қажет екенін атап өтті.

Сессия қаралған мәселе бойынша:

- ҚР Экология кодексінің 340-бабына сәйкес иесіз қоқыс төгу орындарын анықтау, және оларды жою жөнінде тұрақты жұмыс жүргізілсін,

аудан әкімдері аппараттары:

- иесіз қоқыс орындарын жою үшін бюджеттен қаражат бөлу жөнінде шаралар қабылдансын;

- нақты орындарын және қандай жасыл желек отырғызылғанын көрсете отырып, 2024-2025 жылдар бойынша өтемдік отырғызу туралы ақпарат беретін болсын;

- облыстың Экология департаментімен, облыстың табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасымен біріге отырып, иесіз қоқыс төгу орындарын анықтау және оларды жою жөнінде шаралар қабылдайтын болсын;

- келешекте ағаш отырғызатын аумақтарды анықтайтын болсын;

- аудандардың дендрологиялық жоспарын енгізу бойынша кешенді жоспары өткізілсін, қорытындылары бойынша қалалық мәслихат лепутаттарына ұсынатын болсын деген және басқа да шешім қабылдады.

Сессияда YIII шақырылған Қарағанды қалалық мәслихатының 2025 жылдың II жартыжылдығына арналған келешектегі жұмыс жоспарын бекітті.

Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту, Қарағанды қалалық мәслихаты депутаттарының мемлекеттк органдармен, ұйымдармен, азаматтық қоғам институттарымен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету мақсатында құрылған «Бірлік» депутаттар тобы сессияда бекітілді.

Сессия барысында Қарағанды қаласында «Тұрғын үй көмегінің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы» қалалық мәслихаттың бұрын қабылданған шешімін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестендіру турала мәселе қарады. Бұл жөнінде қала әкімінің орынбасары Дархан Жиенбаев хабарлама жасады. Қаралған мәселе бойынша шешім шығарылды.

Сонымен қатар, сессияда кадрлық өзгерістерге байланысты қала әкімдігі жанындағы ведомствоаралық мәселелер жөніндегі комиссиялардың дербес құрамына нақтылаулар енгізілді.

**Сүйіндік ЖАНЫСБАЙ**

АКТУАЛЬНО

# В ЦЕНТРЕ ВНИМАНИЯ - БЛАГОУСТРОЙСТВО И ЭКОЛОГИЯ

## В акимате Караганды состоялась XXXVIII сессия городского маслихата VIII созыва: в центре внимания - благоустройство и экология

**В ходе заседания были рассмотрены ключевые вопросы, касающиеся благоустройства районов имени Казыбек би и Алихана Бокейхана, состояния экологии в городе, а также утверждения персональных составов межведомственных комиссий и корректировки нормативных решений маслихата.**

По первому вопросу повестки с докладом выступил аким района имени Казыбек би Ералы Оспанов. Он проинформировал народных избранников о проводимой работе по благоустройству пешеходных тротуаров, дворовых территорий и общественных пространств.

- Хотел бы вкратце рассказать о проектах благоустройства на 2025 и 2026 годы. Прежде всего, о переходящих проектах. В рамках благоустройства пешеходного тротуара по проспекту Бухар-Жырау продолжаются работы по устройству брусчаточного покрытия, - отметил аким. - В текущем году работы ведутся на участках в районе стадиона «Шахтер» и в районе дома №52 по улице Ермекова. Кроме того, запланированы работы на площади «Абсолют» площадью порядка 4000 квадратных метров. Старт - в начале июля. Также будет проведена установка освещения и малых архитектурных форм.

Дополнительно аким сообщил о продолжении благоустройства сквера «За флагштоком». Здесь произведена установка детских игровых элементов, малых архитектурных форм, а также выполнены озеленительные работы. По обращениям жителей начаты работы по благоустройству вело- и беговой дорожки. В прошлом году в этом сквере было уложено брусчаточное покрытие площадью более 22 тысяч квадратных метров, установлены опоры освещения, камеры видеонаблюдения и благоустроена библиотека.

- Также продолжаются работы на площади перед театром Станиславского, - продолжил Ералы Серикович. - В настоящее время завершены 90% гранитных работ, ведется бетонная заливка подпорных стен. В ближайшее время будет завершено устройство брусчаточного покрытия и подпорной стены. Ожидаем завершения в начале августа.

Особое внимание уделяется благоустройству дворов. В 2024 году завершен проект по адресу Н. Абдирова, 19. В текущем году будут завершены проекты по адресам Н. Абдирова, 15 и 38. По двум последним объектам выполнено более 95% работ - остались асфальтирование, устройство пешеходных дорожек, установка лавочек и урн.

- Все недочеты, отмеченные жителями и депутатами, учтены. Планируем завершить работы до конца июля, - уточнил аким.

В рамках реализации проекта «Бюджет народного участия» в районе реализуется 61 проект. В их числе - 17 проектов по центральной части города, 4 - в Михайловке, 18 - на Юго-Востоке, 3 - в Федоровке. В перечень входят детские и спортивные площадки, площадки для выгула собак и благоустройство скверов.

- Из 61 проекта: 8 объектов в центральной части города уже установлены, из 4 объектов в Михайловке - 2 готовы, из 15 на Юго-Востоке - 8 выполнены, из 3 объектов в Федоровке - готов 1. Все работы планируем завершить до 1 сентября. Основание готово, остается завоз элементов, - добавил он.

Что касается ремонтно-восстановительных работ, то аким доложил, что на территории района произведен ремонт футбольных полей, установка лавочек, урн, восстановление и покраска элементов дворов. Работы ведутся тремя бригадами по заявкам жителей и депутатов. В их числе - Ержанова, 26, Бобруйская, 4, 83 квартал, дом 9. По улице Ерубаева в ближайшее время будет установлено ограждение детской площадки по обращениям жителей.

- По озеленению: высажено 1516 деревьев, из них более 900 - в рамках компенсационной посадки. Два года подряд бюджетных средств не выделяется, работаем за счет компенсации, - сообщил аким.

Также проводится санитарная обрезка зеленых насаждений на улицах Бухар-Жырау, Сейфуллина, Крылова, Чкалова, Абдирова, Ермекова, Лободы, Университетская, Пичугина, Афонская и других. Внутридворовые территории охвачены по заявкам жителей. Благоустраиваются три сквера: по улице Шахтеров, сквер на улице Язева и сквер в мкр. Орбита-3, возле ЖК «Карагандинец». Работы также ведутся в скверах Аманжолова и на территориях ЖК «Хан» и «Мурат».

Что касается планов на 2026 год, к реализации отобраны 82 проекта из 117 заявленных, прошедших предварительный отбор.

С докладом также выступил аким района им. Алихана Бокейхана Досбол Кулекеев. Он сообщил, что в 2025 году по БНУ реализуется 43 проекта на сумму 1,72 млрд тенге. В числе мероприятий - асфальтирование проездов, расширение парковочных зон, установка тротуаров, обустройство подходов к ТБО.

- Также проведен конкурс «Лучший двор». Победителями стали дома по адресам Момраева, 16, 34 и Голубые пруды, 7. Работа жителей - пример для остальных, - отметил аким.

На реализацию программы РВС выделено 107 млн тенге. Работы начаты, обследовано более 80 площадок. По озеленению посадки также ведутся в рамках компенсационной высадки, приживаемость составляет 95%.

Аким также подтвердил, что модернизация мусорных площадок входит в планы. Однако приобретение евроконтейнеров в этом году не предусмотрено.

- При наличии готовности со стороны коммунальных служб мы готовы заменить старые контейнеры на евроконтейнеры, - отметил он.

С содокладом выступил председатель постоянной комиссии городского маслихата по вопросам строительства, транспорта и ЖКХ Толеген Ашимов, который подчеркнул необходимость обеспечения качества благоустроительных работ, безопасности детских и спортивных объектов, а также паспортизации всех дворовых и контейнерных площадок.

С докладом по второму вопросу - «О состоянии экологии в городе Караганде, работе по охране окружающей среды, сохранению зеленых насаждений» - выступил и.о. заместителя руководителя Департамента экологии Карагандинской области Толеутай Т.Е. Он доложил о проводимой работе, в том числе по ликвидации несанкционированных свалок.

С рекомендациями по содержанию зеленых насаждений согласно требованиям законодательства выступил магистр биологии, преподаватель кафедры «Ботаника» Карагандинского университета имени Д.А. Букетова Сирман Д.Ю.

С содокладом выступил депутат Ахмадин Д.А., член комиссии по вопросам законности и прав человека. Он отметил, что необходимо активизировать совместную работу всех уполномоченных органов. Только комплексные меры по озеленению, санитарии и программе газообеспечения могут дать результат.

- У меня есть вопрос, чтобы вы передали своему руководству, - поддержала коллегу депутат Айтпану Омарава. - Для уменьшения несанкционированных свалок в городе необходимо проводить рейды - совместные с полицией, экологией, природоохранным управлением, а также с предприятиями, которые занимаются вывозом отходов. Потому что в городе очень много объектов - как среди юридических, так и физических лиц, - которые прямо нарушают 367-ю статью Экологического кодекса. Мы должны стремиться к тому, чтобы в городе не было ни одной несанкционированной свалки. А мы из года в год находим эти свалки. Кто их создает? Откуда они появляются? Почему полиция не работает? Поэтому, пожалуйста, передайте руководству: необходимо инициировать такие совместные заседания хотя бы один раз в три месяца. Обсуждать, какие есть проблемы в городе именно по охране окружающей среды. Потому что нужно действовать, а не просто вывозить эти свалки.

В рамках сессии была зарегистрирована депутатская группа «Бірлік», направленная на развитие взаимодействия депутатов с госорганами, организациями и институтами гражданского общества.

Также были приняты решения о приведении в соответствие действующему законодательству постановления «Об определении размера и порядка оказания жилищной помощи в городе Караганде», а также уточнены персональные составы межведомственных комиссий при акимате города в связи с кадровыми изменениями.

**Владислав Решеткин**